



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРІБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

мы проверяем, насколько хорошо студент запомнил материал, затем – что он понял, после – какие знания может применять на практике и так далее.

Это отражается в формулировании вопросов для проверки. Используем глаголы: I уровень – «определите», «назовите», «выберите», «дайте определение» или «укажите правильный ответ»; II уровень – «найдите», «определите», «сравните», «объясните», «перефразируйте» или «обобщите»; III – «примените», «решите», «рассчитайте», «используйте», «преобразуйте», «измените» или «составьте»; IV и V – «сопоставьте», «выделите», «отсортируйте», «найдите», «резюмируйте» и «сгруппируйте»; VI – «сделайте вывод», «докажите», «проанализируйте», «обоснуйте», «проверьте», «оцените» и «рекомендуйте».

На данный момент мною разработано свыше 70 различных тестовых заданий по общеобразовательной дисциплине «Биология» общественно-гуманитарного направления. Тесты охватывают все разделы учебной программы: «Молекулярная биология и биохимия», «Клеточная биология», «Питание», «Транспорт веществ», «Дыхание», «Выделение», «Клеточный цикл», «Размножение», «Рост и развитие», «Закономерности наследственности и изменчивости», «Эволюционное развитие, многообразие живых организмов», «Координация и регуляция», «Движение», «Биомедицина и Биоинформатика», «Биотехнология», «Биосфера, экосистема, популяция», «Экология и влияние человека на окружающую среду». Ведется работа по созданию сайта на платформе Wix.com с целью размещения всех тестовых заданий как ресурса для подготовки к занятиям, зачетам и экзаменам и для самоконтроля и самооценки уровня знаний. Тесты разработаны различной степени сложности, они апробированы и в них внесены некоторые коррективы.

Анализируя полученные результаты в ходе применения технологии онлайн тестирования, сделаны следующие выводы: On-line тестирование влияет на состояние и результативность процесса образования, повышается уровень учебных достижений по предмету; воспитывается ценностное отношение к учебной деятельности; снижается уровень тревожности у студентов.

Применение тестов в процессе контроля знаний обучающихся достаточно эффективно при правильном выборе самого конструктора и грамотном построении вопросов, также считают 41% студентов при ответе на вопрос «Считаете ли Вы On-line тестирование эффективной формой контроля образовательных достижений?» и 49,2% ответила скорее да, чем нет. Кроме того, 97% обучающихся считают On-line тестирование одним из средств организации самостоятельной работы. Объективный тестовый контроль в процессе обучения характеризуется большим воспитательным значением, так как он повышает ответственность за выполняемую работу не только обучающихся, но и преподавателя, приучает студентов к систематическому труду и аккуратности в выполнении учебных заданий. Тестирование позволяет своевременно определить успехи студента, выявить пробелы в знаниях при изучении дисциплины.

Таким образом, одним из механизмов повышения качества образования является умело организованная система работы с тестовыми заданиями, систематическое проведение тестирования содействует контролю образовательных достижений обучающихся и улучшению качества знаний.

Список литературы:

1. Приказ и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 15 декабря 2022 года № 500 Об утверждении профессионального стандарта «Педагог»
https://online.zakon.kz/document/?doc_id=36333005&pos=505;350#pos=505;350
2. Чурина К. В. Тестирование как форма контроля результатов обучения / К.В.Чурина, Е.К.Зимина. Текст: непосредственный // Молодой ученый. 2015. №9 (89). 1214–1217 с. URL: <https://moluch.ru/archive/89/18283/>

УДК 37.51

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

*Кудесова Гүлдира Максұтовна
математика пәнінің мұғалімі
«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №15
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: kudesovaguldira@gmail.com*

Андатпа

Өзектілігі: Ақпараттық технология – болашақ ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау

үшін де тигізер пайдасы аса мол. Заман талабына сай математика сабағында жаңа ақпараттық ақпараттық – инновациялық технологияларды пайдалану тек сабақта ғана емес, өмірде де үлкен рөл атқарады. Мақсаты: Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы интеллектуалды, шығармашыл, коммуникативті құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Түйінді сөздер: ақпарат, сабақ, технология, компьютер.

Аннотация

Актуальность: Информационные технологии очень полезны для создания педагогической и психологической среды, открывающей путь будущему поколению к всестороннему образованию, предприимчивому, талантливому, творческому и свободному развитию. Использование новых информационных и инновационных технологий на уроке математики в соответствии с современными требованиями играет большую роль не только на уроке, но и в жизни. Цель: Сформировать интеллектуальную, творческую, коммуникативно компетентную личность посредством использования информационных технологий.

Ключевые слова: информация, урок, технология, компьютер.

Abstract

Relevance: Information technology is very useful for creating a pedagogical and psychological environment that opens the way for the future generation to a comprehensive education, entrepreneurial, talented, creative and free development. The use of new information and innovative technologies in the mathematics lesson in accordance with modern requirements plays an important role not only in the classroom, but also in life. Purpose: To form an intellectual, creative, communicatively competent personality through the use of information technology.

Key words: information, lesson, technology, computer.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру саясаты еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Заманауи қоғамның негізгі бөлшегі – білімді ұрпақ. «Білімді ұрпақ» дегеніміз алдымызда жан-жақты білім нәрімен сусындатып отырған оқушы. Ал заманымыздың негізгі талабы – бүгінгі қоғамдағы ақпараттану желісінің негізгі құралы – компьютерді жетік меңгеру, ақпараттық – коммуникация құралдарын талапқа сай пайдалана алу, ақпарат алмасудың негізгі көзі – галамтор желісін тиімді пайдалану болып табылуда.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу.

Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Бүгінгі таңда әрбір отбасының күнделікті өмірге қажетті техникалық құралдарының бірі – компьютер. Компьютерге аяғын апыл-тапыл басқан сәбиден бастап, еңкейген кәріге дейін қызығушылық танытуда. Мектеп жасындағы балалар үшін компьютерді жақсы меңгеру, яғни әртүрлі бағдарламада жұмыс тәжірибесін жанындағы құрбысынан асыра көрсете алса, өзі құрбыластарының алдында бала беделін одан да жоғары көтеретіні сөзсіз. Компьютерге деген қызығушылықтың басқа да пәндерге деген қызығушылықтан басым түсе бастауы, оның әр күн сайын жаңа моделдерінің шығуы және заман талабына сай әр түрлі бағдарламалардың күніге саны артып келе жатуында деп ойлаймын.

Қазіргі кезде математика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану теориялық негіздердің әдістемелерін жасау, оқушылардың техникаларды жаңа ағымға сай жетік меңгеру қажеттілігінен туындады. Математика және информатика арасындағы пән аралық байланыс мақсаты – сабақ мақсатарының жетуіне арналған информатика әдістерінің тиімді пайдалануын қарастырады.

Заман жаңарған сайын, компьютердің жаңа түрлері мен бағдарламалары көбейген сайын ақпараттану сабағы да жаңаруда. Осыдан барып, ақпараттану пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Мұғалім заман талабына сай болуы үшін ізденушілігі күннен-күнге артуда. Себебі, мұғалім алдында тұрған оқушының кез-келген сұрағына жан-жақты, мазмұнды оқушы қанағаттанарлықтай жауап беруі тиіс, әрі бұрынғыдай сабақ беріп, оқушыны сабаққа қызықтыру мүмкін еместігін әрбір мұғалім жақсы түсінеді. Осыдан барып оқушының сабаққа ынтасын, қызығушылығын қалай арттыруға болады, ал баяу меңгеретін оқушыға қандай әдістемелік көмек көркетсем екен деген сұрақтар туындайды.

Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет:

- бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру;
- баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық, жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту;
- компьютерлік технологияны пайдалана отырып мықты, орташа және әлсіз оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу;

– оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау).

Оң мотивацияларды қалыптастыру – мұғалімнің кәсіби міндеті. Мотив оқушының танымдық қызығушылықтары, жаңа білім, іскерлік, дағдыны меңгерудегі қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Жағымды жағдай туғызу үшін оқушыны коммуникативтілікке бағыттап, сабақта оқушы іс–әрекетін ынталандыратын ерекше сабақ формаларын таңдау керек.

Ақпараттық–коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық–коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

- а) электронды оқулықтар;
- ә) телекоммуникациялық технологиялар;
- б) мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар;
- в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық–коммуникативтік технологияны оқу–тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

– Өз пәні бойынша оқу–әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web – сайттар ашу.

– Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану.

– Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).

– Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін–өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым–қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін – ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым–қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Оқытудың ақпараттық–коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс–әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты–коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Ақпараттық–коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On–line сабақтар арқылы іске асырылуда. Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Ақпараттық–коммуникациялық құзырлық дегеніміз не?

Ақпараттық құзіреттілік:

– сын тұрғысынан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;

– өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;

– ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға сақтауға, түрлендіруге және тасмалдауға, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық– коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;

– логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, моделдеу, ойша эксперименттеу, материалды жүйелеу) қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге;

– өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпаратты қолдануға мүмкіндік береді.

Математикасабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық – технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың негізгі талаптары: психологиялық ахуал туғызу; оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын (уәж, ынта, ұмтылыс) тудыру; ақпараттық–коммуникативтік технолгиялар– мен жұмыс істей білуге үйрету; ақпараттық – коммуникативтік технолгиялармен орындалатын

жұмыстардың қызықты болуы; сыныптағы әр деңгейлі оқушылар ескерерілуі керек; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру; өз бетінше орындауға берілген жұмыстарды шығармашылықпен орындауға үйрету; оқушылар өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік жасау. [1, б. 25].

Өз тәжірибемде дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль–сабақ, экскурсия–сабақ және т.б. жатқызуға болады. Біз оқушыларға күрделі және көлемі үлкен материалдарды бергенде зейіндерін сабаққа аударма алмай отыратындықтарын жиі байқаймыз. Дәл осы уақытта оларды қызықты әңгімемен немесе ойын арқылы ықыластарын, сабаққа қарай көңілдерін аудару қажет.

Әрбір ұстаздың алдына келген оқушы да әр түрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, шапшаң жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда әрбір сабақты интерактивті тақтаны пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалды флеш–карталарына салып берудің тиімділігін білеміз.

Видео–сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілік ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызықтырушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан, оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотография–лар, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді.

Видео–сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Балалардың ақпаратты теледидар, компьютер және т.б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдай–тынын жақсы білеміз. Видео–сабақты қолдану ақпаратты жоғарғы көрнекілікте көрсету және жаңашылдық элементін енгізуге көмектеседі. Ашық көркемдеулер және анимацияланған процестер назардың көбірек аударылуына, қарастырылатын тақырыпқа байланысты қызықтырушылық тудырады. Егер мұғалімнің түсіндіруін оқушы дұрыс қабылдай алмай қалса, видео–сабақтар арқылы түсіндіру қабылдауға жеңіл әрі қызықты. Мұндай әдіс жаңа материалды түсіндіруге кететін уақытты азайтады. Мысалы лекциялық материалдың мазмұны бүкіл бір сабақтың уақытын алса, ал оқу видеофильмдері – 20 минут қана уақыт алады немесе тәжірибелік жұмысқа нұсқауды көркем жеткізуге мүмкіндік береді. Осының арқасында материалды тәжірибелік меңгеруге көп уақыт қалады. Видео–сабақты қысқаша талқылау материалдың негізгі кезеңдеріне назар аудартып, қорытындылар шығаруға көмектеседі. Яғни қажеттілігінше видео–сабақтарды пайдалану оқушының пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. [2, б. 5]

Психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді талдау ақпараттану сабақтарында оқушылардың білімдерін арттыру мақсатында видео материалдарды қолданудың маңызы зор және өзекті екенін көрсетіп отыр.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез–келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он–лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат–бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс.

Қорыта айтқанда, электрондық ресурстар оқушылардың сабаққа деген ынталарын, назарларын, қызығушылықтарын арттырып, информатикадан білім деңгейлерін жоғарылатады. Ал бүгінгі күні жаңа ғасырдың жастарына жан–жақты білім беру, тәрбиелеу – әрбір ұстаздың басты борышы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Л. Компьютерлік технологияны оқу–тәрбие процесінде пайдалану мүмкіндіктері /Л. Ахмет/ Білім – Образование., 2009. 25 б.
2. Роберт И. Білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар: дидактикалық мәселелер, қолдану перспективалары. Алматы, 2010. 5 б.